


Қыамыстық істер бойынша іс жүргізу кезінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау қағидасы. Жеке өмірге қолсұғылмаушылық. Жазысқан хаттардың, телефон арқылы сөйлескен сөздердің, пошта, телеграф арқылы және өзге де хабарлардың құпиясы қағидасы.




Қылмыстық істер бойынша іс жүргізу кезінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау қағидаты (ҚР ҚПК 15 б.) – процесс қатысушыларына өз құқықтарын жүзеге асыруы және бостандықтарын қамтамасыз етуі үшін тиісті құқықтық жағдайларды жасауды, сондай-ақ процесс қатысушыларының заңды талаптарын қанағаттандыру үшін уақытылы шараларды қабылдауды білдіреді.


Қылмыстық істер бойынша іс жүргізу кезінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау қағидатын сақтаудың кепілдіктері:



- тұлғаға оның құқықтары мен бостандықтарын бұзу салдарынан келтірілген зиянды өтеу (ҚР ҚПК 15 б. 2-бөлімі);
- өкілетті органның лауазымды тұлғаларының қылмыстық процестің қатысушыларына олардың құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ жауапкершіліктерін түсіндіруі;
- тиісті негіздер болған жағдайда іс бойынша іс жүргізу қатысушыларының өмірін, денсаулығын, абыройын, қадір-қасиетін және мүлкін қорғау үшін тиісті шараларды қолдану (ҚР ҚПК 15 б. 3-бөлімі).



Аталған қағидаттың негізі ретінде ҚРК 1 б. 1 т. бекітілген Қазақстан Республикасында адам, адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары ең қымбат қазына болып танылатындығы туралы ереже қабылданған. Бұған қоса, ҚРК 2 б. 1 тармағындағы Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылатындығы және оларға кепілдік берілетіндігі туралы ереже айқындаушы ереже болып табылады.



Қылмыстық істер бойынша іс жүргізу кезінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды жүзеге асыру міндеті қылмыстық процесті жүргізуші органға жүктеледі.



Азаматтың құқықтары мен бостандықтары адамның құқықтары мен бостандықтары ұғымымен байланысты, бірақ толық көлемде сай келмейді. Қазақстан Республикасы азаматының құқықтары мен бостандықтары өз азаматтарының белгілі бір жүріс-тұрысының мойындалатын және мемлекет тарапынан кепілдік берілетін заңды мүмкіндіктерін білдіреді. Егер адам құқықтары мен бостандықтары әмбебап әрі бастапқы қасиетке ие болса, азаматтың құқықтары мен бостандықтары қоғам мен мемлекеттің даму дейгейін көрсетеді.





Жеке өмірге қолсұғылмаушылық. Жазысқан хаттардың, телефон арқылы сөйлескен сөздердің, пошта, телеграф арқылы және өзге де хабарлардың құпиясы қағидаты (ҚР ҚПК 16 б.) –әркімнің өзі үшін басқа адамдармен қарым-қатынас жасаудың қалаған нұсқасын таңдау және тәуелсіздік және дербестік жағдайларындағы жеке, достық, интимді және өзге де қарым-қатынастарды орнату мүмкіндігінен тұратын, қағидат дәрежесіне көтерілген конституциялық құқықты білдіреді .





Жеке өмірге қолсұғылмаушылық, жазысқан хаттардың, телефон арқылы сөйлескен сөздердің, пошта, телеграф арқылы және өзге де хабарлардың құпиясы қағидатын сақтау кепілдіктері:

1) заңның жеке өмірді, жеке және отбасылық құпияны қорғауы (ҚР ҚПК 16 б. 1-бөлімі);

2) әркімнің жеке салымдар мен жинақтарды, жазысқан хаттарды, телефон арқылы сөйлескен сөздерді, пошта, телеграф арқылы және өзге де хабарларды құпия сақтау құқығы (ҚР ҚПК 16 б. 1-бөлімі);

3) әркімге жеке (жеке және отбасылық) өміріне қолсұғылмаушылық құқығын қамтамасыз ету; бұл құқықты шектеу, заңда тікелей белгіленген жағдайларда және тәртіппен мүмкін (ҚР ҚПК 16 б. 2-бөлімі);

4) заңда көзделген жағдайлардан басқа, адамның келісімінсіз оның жеке өмірі туралы ақпарат жинауға, сақтауға, пайдалануға және таратуға тыйым салу (ҚР ҚПК 16 б. 3-бөлімі);

5) адамның жеке өмірі туралы ақпаратты қылмыстық процесс міндеттерін орындаудан басқаға пайдалануға тыйым салу (ҚР ҚПК 16 б. 4-бөлімі).



ҚРК 18 б. 3 тармағында көрсетілген, мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, лауазымды адамдар және бұқаралық ақпарат құралдары әрбір азаматқа өзінің құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті екендігі туралы ереже қызығушылық тудырады.

Келтірілген ереже қарастырылып отырған қылмыстық-процестің қағидатына тікелей қатысы бар және осы қағидаттың сақталуының маңызды кепілдіктерінің бірі ретінде дұрыс түсіндірілуі мүмкін деп болжамдауға негіз бар. Алайда заң шығарушы аталмыш қағидаттың мазмұнды толтырылуының қысқартылған үлгісін таңдап отыр, бұл жайттан біз ҚР ҚПК-да белгілі бір олқылықты және қағидатты іске асыру аясында қалыптасатын қарым-қатынастардың демократизациялану деңгейінің төмендеуін байқаймыз.